

## "Жаңа Астана" кеденін құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 қазан N 1206. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының астанасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі N 2457 Заң күші бар Жарлығын орындау үшін, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығына сәйкес және Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын дамыту үшін абаттандыруға және қолайлы жағдайлар жасауға инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қыркүйектегі N 1135 қаулысына сәйкес қысқарту есебінен Ақмола қаласында штат саны 40 адам болатын "Жаңа астана" кедені құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне "Жаңа Астана" кедені үшін қажетті қаражат б ө л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті "Жаңа Астана" кеденінің жұмысын ұйымдастыру үшін "ЦЕСИНТОРГ" ЖШС-пен әкімшілік, шаруашылық-қоймалық және басқа да үй жайларды жалдауға белгіленген тәртіппен шарт жасассын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*